

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК мәжілісінің
№ 1 хаттамасы

Түркістан қаласы

27.10.2024 ж.

Қатысқандар: т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, PhD доцент Қ.Базарбаев, PhD аға оқытушы Р.Хазретәліқызы, PhD М.Салғараев, PhD А.Оспанова, АҒЗИ директоры К.Жетібаев, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева, докторант З.Сенгирбаева, білімгер Ү.Абдуалиев, кафедра ОПК.

Күн тәртібі:

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну.
2. ББ даму жоспарын (2024-2029 жж) әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну.
3. ББ құжаттарын аккредиттеу және постмониторинг талаптарына сәйкестендіріп, анықтама дайындау жұмыстарын жүргізу.
4. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды.

АК төрағасы Қ.Базарбаев: Бүгінгі мәжіліс күн тәртібінде АК құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеп бекіту мәселесіне тоқталды. Төраға Қ.Базарбаев қазіргі құрам бойынша талқылау жасап, жаңа құрамды бекіту қажеттілігін атап өтті. АК мүшелері туралы ақпарат ұсынылып, жаңа құрам туралы шешім қабылданды. Комитеттің жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін жаңа тәсілдер мен ұсыныстар талқыланды. Жұмыс процестерінің жетілдірілуі мен жүйелі жұмысқа бағытталған ұсыныстар жасалды. Қатысушылар Академиялық комитеттің ережелерімен танысып, оларды талқылады. Ережелердің жаңа талаптары мен өзгерістеріне ерекше назар аударылды. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары әзірленіп, бекіту үшін талқыланды. Жоспардың негізгі бағыттары мен міндеттері белгіленіп, жұмыс жүйелі түрде жүргізілу қажеттілігін атап өтті.

Кафедра меңгерушісі Г.Примкулова: 2024-2029 жылдарға арналған Білім беру бағдарламасының даму жоспарын әзірлеп, оны талқылауға ұсынды. Жоспарда білім беру сапасын жақсарту, оқу процесін жаңғырту және білімгерлерге заманауи дағдыларды үйретуге бағытталған шаралар қамтылғанын атап өтті. ББ даму жоспарының жобасын талқылау аяқталды. Жоспар бекіту үшін қажетті түзетулер енгізіліп, бекітілгендігін сөз етті.

ОӘК төрайымы Р.Хазретәліқызы: ОӘК төрайымы Р. Хазретәліқызы Білім беру бағдарламасының (ББ) құжаттарын аккредиттеу және постмониторинг талаптарына сәйкестендіру қажеттілігін мәжіліс барысында атап өтті. Ол осы

талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін құжаттарды дайындау жұмыстарының маңыздылығына ерекше назар аударды. Аккредиттеу мен постмониторинг – білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және жақсарту үшін маңызды құралдар болып табылады, сондықтан бұл жұмыстар жоғары талаптарға сай жүргізілуі керек. Осы жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылуы ББ сапасының арттырылуына ықпал етеді және білім беру бағдарламасының стандарттарға сай болуын қамтамасыз ететіндігіне атап өтті.

АК мүшесі М.Салғараев: Қыркүйек және қазан айларында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде. Әрбір іс-шараның өткізілу сапасы мен орындалуы бойынша талдау жүргізілді. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. Қыркүйек айында басталған жұмыстардың нәтижелері бойынша тиімділік байқалды, ал қазан айындағы іс-шаралар белгілі бір қиындықтарға қарамастан, өз мақсатына жетті. Бұл айларда атқарылған іс-шаралардың нәтижелері алдағы жұмыстарға оң әсер етті және қосымша түзетулер мен ұсыныстар енгізу қажеттілігі туындамағанын сөз етті.

Шешім:

1. АК жаңа құрамы мен комитет жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін жаңа жұмыс жоспары әзірленіп, бекітуге ұсынылсын.
2. 2024-2029 жылдарға арналған Білім беру бағдарламасының даму жоспары әзірленіп, бекітуге ұсынылсын.
3. ББ құжаттары аккредиттеу және постмониторинг талаптарына сәйкестендіру жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Қыркүйек және қазан айларында атқарылған іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрағасы:

Хатшы:



Қ. Базарбаев

А. Оспанова